БЕКІТІЛДІ
«Тәуелсіз брокерлер қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің
Құрылтай жиналысының Хаттамасымен
«14» наурыз 2025 ж.

ЖАРҒЫ
«Тәуелсіз брокерлер қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі

Астана қ., 2025 ж.

**1. Жалпы ережелер**

1.1. «Тәуелсіз брокерлер қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі (бұдан әрі – Қауымдастық) ерікті мүшелікке негізделген коммерциялық емес ұйым болып табылады.
1.2. Қауымдастықтың қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексімен және басқа да нормативтік құқықтық актілермен, сондай-ақ осы Жарғымен реттеледі.
1.3. Қауымдастық Құрылтай жиналысының шешімі негізінде құрылды. Мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін басқаруды Қауымдастық мүшелерінің Жалпы жиналысы жүзеге асырады.

**2. Атауы және орналасқан мекенжайы**

2.1. Заңды тұлғаның атауы:
Қазақ тіліндегі толық атауы:
**«Тәуелсіз брокерлер қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі.**
Орыс тіліндегі толық атауы:
**Объединение юридических лиц «Ассоциация независимых брокеров».**
Қазақ тіліндегі қысқартылған атауы: **«ТБҚ» ЗТБ**.
Орыс тіліндегі қысқартылған атауы: **ОЮЛ «АНБ»**.
2.2. Қауымдастықтың орналасқан мекенжайы:
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Нұра ауданы, Қабанбай Батыр даңғылы, 59Б үй, 161 пәтер, Z19Y3F1 индекс.

УТВЕРЖДЕН
Протоколом Учредительного собрания
ОЮЛ «Ассоциация независимых брокеров»
от «14» марта 2025 г.

УСТАВ
Объединения юридических лиц «Ассоциация независимых брокеров»

г. Астана 2025 г.

**1. Общие положения**

1.1. Объединение юридических лиц «Ассоциация независимых брокеров» (далее — Ассоциация) является некоммерческой организацией, основанной на добровольном членстве.
1.2. Деятельность Ассоциации регулируется Конституцией Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О некоммерческих организациях», Предпринимательским кодексом Республики Казахстан и иными нормативными правовыми актами, а также настоящим Уставом.
1.3. Ассоциация создана на основании решения Учредительного собрания. После государственной регистрации управление осуществляется Общим собранием членов Ассоциации.

**2. Наименование и местонахождение**

2.1. Наименование юридического лица:
Полное наименование на казахском языке:
**«Тәуелсіз брокерлер қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі.**
Полное наименование на русском языке:
**Объединение юридических лиц «Ассоциация независимых брокеров».**
Сокращенное наименование на казахском языке: **«ТБҚ» ЗТБ.**
Сокращённое наименование на русском языке: **ОЮЛ «АНБ».**
2.2. Местонахождение Ассоциации: Республика Казахстан, город Астана, район Нура, проспект Кабанбай Батыра, дом 59Б, квартира 161, индекс Z19Y3F1.

## 3. Заңды мәртебесі

3.1. Қауымдастық – заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.
3.2. Қауымдастық заңды тұлға мәртебесіне мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап ие болады.
3.3. Қауымдастықтың мөрі, дербес балансы, банктік шоттары, өз атауы көрсетілген бланкілері бар.
3.4. Қауымдастық оқшауланған мүлікке иелік етеді, өз атынан мәмілелер жасасуға, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иеленуге, сондай-ақ сотта талапкер, жауапкер немесе үшінші тұлға ретінде қатысуға құқылы.
3.5. Қауымдастық Қазақстан Республикасының аумағында және оның шегінен тыс филиалдар мен өкілдіктер құруға, басқа заңды тұлғалармен бірлестіктерге (одақтарға) кіруге, сондай-ақ басқа заңды тұлғалардың қатысушысы болуға құқылы.
3.6. Қауымдастық өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді. Қауымдастық өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
3.7. Қауымдастықтың мүшелері (қатысушылары) толық заңды және шаруашылық дербестігін сақтайды. Қауымдастықтың мүшелері (қатысушылары) Қауымдастықтың міндеттемелері бойынша жауап бермейді.
3.8. Қауымдастық шектеусіз мерзімге құрылады.
3.9. Қауымдастықтың филиалдары мен өкілдіктері Қауымдастық атынан әрекет етеді және азаматтық құқық субъектісі мәртебесіне ие емес.
3.10. Қауымдастық ішкі нормативтік және техникалық құжаттаманы дербес әзірлеп, бекітеді.
3.11. Қауымдастық Жалпы жиналыстың шешімі бойынша басқа да құрылымдық бөлімшелер құруға құқылы.

## 4. Қызметінің мақсаттары

4.1. Қауымдастық брокерлер мен дилерлердің, сондай-ақ тауарлардың сатып алушылары мен сатушыларының кәсіби қызметі саласындағы бірлестік болып табылады және келесі мақсаттарда құрылған:
- Қауымдастық мүшелерінің ұстанымдарын біріктіріп, бірыңғай даму тұжырымдамасын

## 3. Юридический статус

3.1. Ассоциация является юридическим лицом и осуществляет свою деятельность на основании действующего законодательства Республики Казахстан.
3.2. Ассоциация приобретает права юридического лица с момента государственной регистрации.
3.3. Ассоциация имеет печать, самостоятельный баланс, счета в банках, бланки со своим наименованием.
3.4. Ассоциация владеет обособленным имуществом, имеет право от своего имени заключать сделки, приобретать имущественные и личные неимущественные права, а также выступать истцом, ответчиком, третьим лицом в суде.
3.5. Ассоциация вправе создавать филиалы и представительства на территории Республики Казахстан и за её пределами, вступать в объединения (союзы) с другими юридическими лицами, а также быть участником иных юридических лиц.
3.6. Ассоциация отвечает по своим обязательствам всем принадлежащим ей имуществом. Ассоциация не несёт ответственности по обязательствам своих членов.
3.7. Члены (участники) Ассоциации сохраняют полную юридическую и хозяйственную самостоятельность. Члены (участники) Ассоциации не отвечают по обязательствам Ассоциации.
3.8. Ассоциация учреждается на неограниченный срок.
3.9. Филиалы и представительства Ассоциации осуществляют свою деятельность от имени Ассоциации и не обладают статусом субъекта гражданских прав.
3.10. Ассоциация самостоятельно разрабатывает и утверждает внутреннюю нормативную и техническую документацию.
3.11. Ассоциация вправе создавать иные структурные подразделения по решению Общего собрания членов Ассоциации.

## 4. Цели деятельности

4.1. Ассоциация является объединением в сфере профессиональной деятельности брокеров и дилеров, а также покупателей и продавцов товаров, созданной в целях:
- консолидация позиций членов Ассоциации для формирования единой концепции

қалыптастыру, биржалық сауданы қолдау және танымал ету;
- Қауымдастық мүшелерінің мүдделерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік және мемлекеттік емес органдарында, шетелдік және халықаралық ұйымдарда нормативтік құқықтық реттеу, биржалық және электрондық сауданы дамыту мен танымал ету, сондай-ақ басқа да мәселелер бойынша қорғау және ұсыну;
- Биржалық сауданың сапасын арттыру және тұрақты дамуын қамтамасыз ету;
- Биржалық сауда саласындағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру;
- Қауымдастық мүшелері мен әлеуметтік серіктестер арасында барлық деңгейде консультациялар мен келіссөздер жүргізуге жәрдемдесу, сондай-ақ ұжымдық еңбек даулары мен жанжалдарды шешу;
- Қауымдастық мүшелерінің мүдделерін басқа мемлекеттердің ұқсас ұйымдарында ұсыну.

развития, популяризации и поддержки биржевой торговли;
- представления и защиты интересов членов Ассоциации в государственных и негосударственных органах Республики Казахстан, иностранных и международных организациях по вопросам нормотворчества, развития и популяризации биржевой и электронной торговли, а также иным вопросам;
- повышения качества и устойчивого развития биржевой торговли;
- повышения конкурентоспособности в сфере биржевой торговли;
- содействия проведению консультаций и переговоров между членами Ассоциации и социальными партнёрами на всех уровнях, а также разрешения коллективных трудовых споров и конфликтов;
- представления интересов членов Ассоциации в аналогичных организациях других государств.

## 5. Қызметінің мәні

5.1. Қауымдастықтың қызметінің мәні:
- Қауымдастық мүшелерінің мүдделерін Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес органдарында, сондай-ақ шетелдік және халықаралық ұйымдар мен ведомстволарда ұсыну және қорғау;
- Қауымдастық мүшелеріне олардың қызметіне қатысты құқықтық, экономикалық, ұйымдастырушылық-басқарушылық мәселелер бойынша практикалық және консультациялық көмек көрсету;
- биржалық сауда және онымен байланысты салалардағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар мен ескертулер әзірлеу;
- Қауымдастық мүшелерінен биржалық сауда және оған қатысты салалардағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша ұсыныстар мен қарсылықтарды жинау және оларды Қауымдастықтың бірыңғай ұстанымына біріктіру;
- Қауымдастық мүшелерінің мүдделерін қорғау және биржалық сауда мен оған қатысты салалардағы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша Қауымдастықтың бірыңғай ұстанымын ұсыну;
- Қауымдастықтың бірыңғай ұстанымын қалыптастыру мақсатында Қауымдастық мүшелері арасында кеңестер мен келіссөздер ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына енгізілетін барлық жоспарланған өзгерістер,

## 5. Предмет деятельности

5.1. Предметом деятельности Ассоциации является:
- представление и защита интересов членов Ассоциации во всех государственных и негосударственных органах Республики Казахстан, а также в иностранных, международных организациях и ведомствах;
- оказание практической и консультационной помощи членам Ассоциации по правовым, экономическим, организационно-управленческим вопросам, связанным с их деятельностью;
- разработка предложений и замечаний по совершенствованию законодательства в сфере биржевой торговли и сопряжённых с ней сферах;
- сбор предложений, возражений по вопросам совершенствования законодательства в сфере биржевой торговли, а также в сопряженных с ней сферах у членов Ассоциации и их консолидация в единую позицию Ассоциации;
- представление и защита единой позиции Ассоциации интересов членов Ассоциации по вопросам совершенствования законодательства в сфере биржевой торговли, а также в сопряженных с ней сферах;
- организация совещаний и переговоров между членами Ассоциации для целей выработки единой позиции Ассоциации;
- своевременное извещение членов Ассоциации о всех планируемых изменениях

сондай-ақ биржалық сауда және оған қатысты салалар бойынша алдағы кеңестер (жиналыстар, кездесулер) туралы Қауымдастық мүшелерін уақтылы хабардар ету;
- Қауымдастық мүшелерінің іскерлік және кәсіби этика қағидаларын сақтауын бақылау;
- біліктілікті арттыру және мамандарды қайта даярлау курстарын өткізу;
- биржалық сауда саласындағы уәкілетті органмен және мемлекеттік және өзге де сатып алулар саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп заңдар мен заңға тәуелді актілердің жобаларын әзірлеу;
- тауар биржаларының, мемлекеттік және өзге де сатып алулардың қызметін жан-жақты және объективті зерттеу, қорытындылау және талдау, сондай-ақ олардың даму үрдістерін анықтау;
- биржалық сауда, мемлекеттік және өзге де сатып алулар саласындағы қызметті жүзеге асыру мәселелері бойынша консультациялық жұмыс жүргізу;
- басқа елдердің биржалық сауда және мемлекеттік және өзге де сатып алулар саласында қызмет жүргізетін ұйымдарымен, сондай-ақ халықаралық ұйымдармен байланыс орнату және қолдау;
- Қауымдастық мүшелеріне іскерлік серіктестерді іздеуге, шарттар жасасуға, өнімді өткізу (қызметтерді жүзеге асыру) және олардың сауда-экономикалық қызметін жүзеге асыруға байланысты басқа да мәселелерде көмек көрсету;
- Қауымдастық мүшелерін даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүйесін дамытуға ықпал ету;
- Қауымдастық мүшелерінің құқықтарының шектелуіне ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша мемлекеттік органдарға ұсыныстар енгізу;
- Қауымдастық мүшелерінің қызметіне нормативтік құқықтық актілердің әсеріне тәуелсіз құқықтық сараптама жүргізу;
- Қауымдастық мүшелеріне кәсіби қызметін жетілдіруде ұйымдастырушылық, әдістемелік, консультациялық және ақпараттық қолдау көрсету;
- конкурстар, семинарлар, конференциялар, көрмелер, презентациялар ұйымдастыру;
- қайырымдылық қызметін жүзеге асыру;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған және Қауымдастықтың мақсаттарына сәйкес келетін өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыру.

в законодательство РК, а также о предстоящих совещаниях (собраниях, встречах) по вопросам биржевой торговли, а также в сопряженных с ней сферах;
- контроль за соблюдением членами Ассоциация правил деловой и профессиональной этики;
- проведение курсов повышения квалификации и переподготовки специалистов;
- разработка проектов законов, подзаконных актов совместно с уполномоченным органом в области биржевой торговли и уполномоченным органом в области государственных и иных закупок;
- осуществление всестороннего и объективного изучения, обобщения и анализа деятельности товарных бирж, государственных и иных закупок, а также тенденций их развития;
- проведение консультативной работы по вопросам осуществления деятельность в сфере биржевой торговли, государственных и иных закупок;
- установление и поддержание связей с организациями, осуществляющими деятельность в сфере биржевой торговли и государственных и иных закупок других стран и иными международными организациями;
- содействие членам Ассоциации в поиске деловых партнеров, заключении договоров, организации сбыта продукции (реализации услуг) и иных вопросах, связанных с осуществлением ими торговой и экономической деятельности;
- обеспечение развития системы подготовки, переподготовки и повышения квалификации членов Ассоциации;
- внесение на рассмотрение государственных органов предложений об устранении причин и условий, способствующих ущемлению прав членов Ассоциации;
- независимая правовая экспертиза влияния нормативных правовых актов на деятельность членов Ассоциации;
- оказание организационного, методического, консультационного и информационного содействия членам Ассоциации в совершенствовании профессиональной деятельности;
- организация конкурсов, семинаров, конференций, выставок, презентаций;
- благотворительная деятельность;
- иные виды деятельности, не запрещенные законодательством Республики Казахстан и

соответствующие целям деятельности Ассоциации.

## 6. Қауымдастықтың құқықтары

6.1. Қауымдастық құқылы:
1) өз мүшелерінің (қатысушыларының) құқықтары мен мүдделерін қорғауға және оларды Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік және мемлекеттік емес органдарында, сондай-ақ шетелдік және халықаралық ұйымдар мен ведомстволарда ұсынуға;
2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына қабылданған және қабылданатын нормативтік құқықтық актілер бойынша ұсыныстар енгізуге, Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) құқықтары мен заңды мүдделерінің шектелуін болдырмауға бағытталған бастамалар көтеруге;
3) мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды тұлғалардың және мемлекеттік қызметшілердің сот тәртібінде дауға жататын шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) сотқа шағымдануға;
4) дауларды сот және сотқа дейінгі реттеуге, оның ішінде төрелікке қатысуға;
5) мүшелік жарналарды жинауға және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған басқа да көздерден Қауымдастықтың мүлкін қалыптастыруға;
6) кәсіби оқыту мен Қауымдастық мүшелерін (қатысушыларын) аттестаттауды ұйымдастыруға;
7) Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) ҚР заңнамасын және Қауымдастыққа мүшелік (қатысу) шарттарын сақтауын бақылауға;
8) бұқаралық ақпарат құралдарында өз қызметін жария етуге;
9) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен, мемлекеттік құпияларды, коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті мемлекеттік билік органдарынан және жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан Қауымдастықтың заңдарда белгіленген міндеттерін орындау үшін қажетті ақпаратты алуға.
6.2. Қауымдастық Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Жарғыға қайшы келмейтін өзге де құқықтарды жүзеге асыра алады.

## 6. Права Ассоциации

6.1. Ассоциация имеет право:
1) представлять и защищать права и интересы своих членов (участников), а также быть их представителями во всех государственных и негосударственных органах Республики Казахстан, а также в иностранных, международных организациях и ведомствах;
2) вносить предложения в государственные органы по принятым и принимаемым нормативным правовым актам в целях исключения ущемления прав и законных интересов членов (участников) Ассоциации;
3) обжаловать в суде решения, действия (бездействие) государственных органов, органов местного самоуправления, общественных объединений, организаций, должностных лиц, государственных служащих, подлежащие судебному оспариванию;
4) участвовать в судебном и досудебном разрешении споров, в том числе в арбитраже;
5) собирать членские взносы и формировать имущество Ассоциации из других, не запрещенных законами Республики Казахстан источников;
6) организовать проведение профессиональной учебы, аттестации членов (участников);
7) контролировать членов (участников) Ассоциации в части соблюдения ими требований законодательства РК, а также условий членства (участия) в Ассоциации;
8) освещать свою работу в средствах массовой информации;
9) получать в центральных и местных органах государственной власти и органах местного самоуправления информацию, необходимую для выполнения Ассоциацией, возложенных на нее законами Республики Казахстан, в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, за исключением сведений, составляющих государственные секреты, коммерческую и иную охраняемую законом тайну;
6.2. Ассоциация может иметь иные права, не противоречащие законодательству Республики Казахстан и настоящему Уставу.
6.3. Член Ассоциации вправе:
6.3.1. в порядке, установленном Законом и настоящим Уставом, участвовать в управлении ее делами;

6.3. Қауымдастық мүшесінің құқықтары:
6.3.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Қауымдастықтың істерін басқаруға қатысуға;
6.3.2. Қауымдастықтың мүлкін қалыптастыруға осы Жарғыда, Қауымдастық органдарының шешімдерінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен, мөлшерде, тәсілмен және мерзімде қатысуға;
6.3.3. заңнамада және Жарғыда белгіленген жағдайларда және тәртіппен Қауымдастықтың қызметі туралы ақпарат алуға;
6.3.4. Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына қайшы келетін Қауымдастық органдарының шешімдеріне белгіленген тәртіппен шағымдануға;
6.3.5. Қауымдастық ұсынатын консультациялық, әдістемелік, құқықтық және өзге де қызметтерді пайдалануға;
6.3.6. өз қалауы бойынша кез келген уақытта Қауымдастықтан шығуға;
6.3.7. Қауымдастық қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізуге;
6.3.8. Қауымдастық мүшелерінің Жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша жазбаша түрде ұсыныстар енгізуге;
6.3.9. Қауымдастық мүшелерінің жалпы санының кемінде 1/2 бөлігі қолдаған жағдайда, Қауымдастық мүшелерінің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыру туралы бастама көтеруге;
6.3.10. өз еркімен және Қауымдастықтың келісімімен ерікті жарналар енгізуге;
6.3.11. Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Жарғыда және Қауымдастық мүшелерінің Жалпы жиналысының шешімдерінде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

6.3.2. участвовать в образовании имущества Ассоциации в порядке, в размере, способом и в сроки, которые предусмотрены настоящим Уставом Ассоциации, решениями его органов, законодательством Республики Казахстан.
6.3.3. в случаях и в порядке, которые предусмотрены законом и Уставом, получать информацию о деятельности Ассоциации.
6.3.4. в порядке, установленные законом, обжаловать решения органов Ассоциации, противоречащие требованиям законодательства РК;
6.3.5. пользоваться оказываемыми Ассоциацией консультационными, методическими, юридическими и иными услугами;
6.3.6. по своему усмотрению выйти из Ассоциации в любое время·
6.3.7. вносить предложения по совершенствованию деятельности Ассоциации;
6.3.8. вносить предложения по вопросам повестки дня Общего собрания членов Ассоциации в письменном виде;
6.3.9 инициировать проведение внеочередного Общего собрания членов Ассоциации при наличии поддержки не менее 1/2 от общего числа членов Ассоциации;
6.3.10. вносить добровольные взносы по собственному желанию и с согласия Ассоциации;
6.3.11. осуществлять иные права, предусмотренные законом или настоящим Уставом, решениями Общего собрания членов Ассоциации.

## 7. Қауымдастықтың міндеттері

7.1. Қауымдастық міндетті:
1) Қазақстан Республикасының заңнамасын және осы Жарғының ережелерін сақтау;
2) өз құзыреті шегінде Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуын болдырмау шараларын қабылдау;
3) Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

## 7. Обязанности Ассоциации

7.1. Ассоциация обязана:
1) соблюдать законодательство Республики Казахстан, положения настоящего Устава;
2) в пределах своих полномочий принимать меры по предотвращению нарушения прав и законных интересов членов (участников) Ассоциации;
3) проводить разъяснительную работу среди членов (участников) Ассоциации для повышения их правовой грамотности;

4) Қауымдастық мүшелерін (қатысушыларын) қаражаттың түсуі мен жұмсалуы туралы хабардар ету;
5) өз қызметінің және Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) қызметінің ақпараттық ашықтығын қамтамасыз ету;
6) Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) ұсынған ақпараты негізінде олардың қызметіне талдау жүргізу.
7.2. Қауымдастық Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін өзге де міндеттерді жүзеге асыра алады.
7.3. Қауымдастық мүшесі міндетті:
7.3.1. Қауымдастықтың және оның мүшелерінің қызметіне қатысты құпия ақпаратты жария етпеуге;
7.3.2. заңнамаға және (немесе) осы Жарғыға сәйкес, шешімдерді қабылдау үшін оның қатысуы қажет болған жағдайларда, шешім қабылдауға қатысуға;
7.3.3. Қауымдастыққа және оның мүшелеріне зиян келтіруге бағытталған әрекеттер жасамауға және өз құқықтарын теріс пайдалануға жол бермеуге;
7.3.4. Қауымдастық құрылған мақсаттарға қол жеткізуді едәуір қиындататын немесе мүмкін емес ететін әрекеттерді (немесе әрекетсіздікті) жасамауға;
7.3.5. Жарналар туралы ережеге сәйкес мүшелік жарнаны уақтылы төлеуге;
7.3.6. Қауымдастық мүшелерінің Жалпы жиналысының шешімдерін орындауға;
7.3.7. Осы Жарғыдан, Қазақстан Республикасының заңнамасынан туындайтын өзге де міндеттерді орындауға.

## 8. Қауымдастыққа мүшелік (қатысу)

8.1. Биржалық сауда саласындағы Қауымдастық мүшелері (қатысушылары) бола алады:
- брокерлер мен дилерлер;
- тауарлардың сатушылары мен сатып алушылары.
8.2. Қауымдастыққа мүшелікке (қатысуға) үміткерлер келесі өлшемдерге сәйкестігін растайтын құжаттарды ұсынуы қажет:
1) құқықтық қабілеттілігі болуы;
2) төлем қабілеттілігі болуы;
3) жеткілікті материалдық-техникалық базасының болуы;
4) қылмыстық жауапкершілікке тартылмаған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген біліктілік

4) информировать членов (участников) о поступлении и расходовании денежных средств;
5) обеспечивать информационную прозрачность своей деятельности и деятельности своих членов (участников);
6) осуществлять анализ деятельности своих членов (участников) на основании предоставляемой ими информации.
7.2. Ассоциация может осуществлять иные обязанности, не противоречащие действующему законодательству Республики Казахстан.
7.3. Член Ассоциации обязан:
7.3.1. не разглашать конфиденциальную информацию о деятельности Ассоциации и её членов;
7.3.2. участвовать в принятии решений, если его участие необходимо в соответствии с законом и (или) настоящим Уставом для принятия таких решений;
7.3.3. не совершать действия, заведомо направленные на причинение вреда Ассоциации, ее членам, и не допускать злоупотребления своими правами;
7.3.4. не совершать действия (или бездействия), которые существенно затрудняют или делают невозможным достижение целей, ради которых была создана Ассоциация;
7.3.5. своевременно оплачивать членский взнос в соответствии с Положением о членских взносах;
7.3.6. исполнять решения Общего собрания членов Ассоциации;
7.3.7. исполнять иные обязанности, обусловленные настоящим Уставом, законодательством Республики Казахстан.

## 8. Членство (участие) в Ассоциации

8.1. Членами (участниками) Ассоциации в области биржевой торговли могут быть:
- брокеры, дилеры
- продавцы и покупатели товаров.
8.2. Для вступления в участники Ассоциации претенденты предоставляют документы, подтверждающие их соответствие следующим критериям:
1) обладать правоспособностью;
2) обладать платёжеспособностью;
3) обладать достаточной материально-технической базой;
4) обладать штатом квалифицированных сотрудников, не имеющих судимости и отвечающим квалификационным

талаптарына сәйкес келетін білікті қызметкерлер штатының болуы;
5) банкроттық немесе тарату рәсіміне жатпау;
6) салық міндеттемелері бойынша қарызының болмауы;
7) Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңына және басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жекелеген қызмет түрлерін жүзеге асыруға рұқсат құжаттарының болуы.
8.3. Үміткерді қабылдау (аккредитациялау) оның Қауымдастыққа кіру туралы өтініші негізінде жүзеге асырылады, сондай-ақ белгіленген өлшемдерге сәйкестігін растайтын құжаттар топтамасы ұсынылуы қажет (осы Жарғының 8.2-тармағы). Үміткерлерге қойылатын қосымша талаптар мен қабылдау (аккредитациялау) тәртібі Қауымдастықтың ішкі құжаттарымен белгіленуі мүмкін. Қабылданған шешім туралы үміткерге жазбаша түрде хабарланады.
8.4. Қауымдастыққа қабылдаудан бас тартудың негізі осы Жарғының 8.2 және 8.3-тармақтарының талаптарына сәйкес келмеуі, сондай-ақ Қауымдастықтың ішкі құжаттарында көзделген басқа да негіздер болуы мүмкін.
8.5. Қауымдастыққа мүшелікке қабылдаудан бас тарту немесе мүшеліктен (қатысудан) шығару туралы шешім Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымданылуы мүмкін.
8.6. Қауымдастық мүшелері (қатысушылары) өздерінің дербестігі мен заңды тұлға құқығын сақтайды.
8.7. Қауымдастықтың құрылтайшылары мен мүшелері (қатысушылары) тең құқықтарға ие және бірдей міндеттерді атқарады.
8.8. Мүшелік (қатысу) Қауымдастық мүшесінің (қатысушысының) өтініші негізінде, оның тоқтата тұру себептері көрсетілген жағдайда тоқтатыла тұруы мүмкін.
8.9. Қауымдастықтың бастамасы бойынша мүшелікті (қатысуды) келесі жағдайларда тоқтата тұруға болады:
8.9.1. мүшелік жарналардың уақтылы төленбеуі;
8.9.2. лицензияның тоқтатыла тұруы немесе кері қайтарылуы;
8.9.3. осы Жарғының бір реттік бұзылуы;
8.9.4. Қауымдастықтың мақсаттары мен міндеттеріне қайшы келетін, Қауымдастық мүшелерінің жалпы жиналысында немесе

требованиям, установленных законодательством Республики Казахстан;
5) не подлежать процедуре банкротства либо ликвидации;
6) не иметь задолженности по налоговым обязательствам;
7) иметь разрешительные документы, для занятия отдельными видами деятельности в соответствии с Законом республики Казахстан «О разрешениях и уведомлениях» и иными нормативно-правовыми актами Республики Казахстан.
8.3. Приём (аккредитация) заявителя осуществляется на основании его заявления о вступлении в Ассоциацию, с предоставлением пакета документов, подтверждающих соответствие установленным критериям (п. 8.2 настоящего Устава). Дополнительные требования к претендентам и порядок принятия (аккредитации) могут быть установлены иными внутренними документами Ассоциации. О принятом решении претенденту сообщается письменно.
8.4. Основанием для отказа в приеме в Ассоциацию является несоответствие положениям, предусмотренным пунктами 8.2 и 8.3 настоящего Устава, а также по иным основаниям, предусмотренным внутренними документами Ассоциации.
8.5. Решение об отказе в приеме в участники, исключении из членов (участников) Ассоциации может быть обжаловано в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан.
8.6. Участники Ассоциации сохраняют свою самостоятельность и права юридического лица.
8.7. Учредители и члены Ассоциации имеют равные права и несут одинаковые обязанности.
8.8. Членство (участие) может быть приостановлено по заявлению члена (участника) Ассоциации с указанием оснований для приостановки.
8.9. Членство (участие) может быть приостановлено по инициативе Ассоциации по следующим основаниям:
8.9.1. несвоевременная оплата членских взносов;
8.9.2. приостановления или отзыва лицензии;
8.9.3. единовременное нарушение настоящего Устава.
8.9.4. совершение действий, противоречащих целям и задачам Ассоциации определенных общим собранием членов Ассоциации или

оның басқарушы органдарында анықталған әрекеттерді жасау;
8.9.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар.
8.10. Қауымдастықтағы мүшелікті (қатысуды) тоқтату
Қауымдастық мүшелері (қатысушылары) келесі жағдайларда Қауымдастықтың басқарушы органдарының шешімімен шығарылуы мүмкін:
8.10.1. осы Жарғының 8.9-тармағында көрсетілген негіздердің қайталануы (бірнеше рет орын алуы);
8.10.2. Қауымдастықтың немесе оның жекелеген мүшелерінің мүдделеріне зиян келтіру;
8.10.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да негіздер.
8.11. Мүшелікті қалпына келтіру
8.11.1. Мүшелігі тоқтатылған немесе шығарылған Қауымдастық мүшелері Қауымдастыққа қайта мүшелікке кіру туралы өтініш бере алады.
8.11.2. Мүшелікті қалпына келтіру үшін тоқтата тұру немесе шығарудың себептерін жойғанын растайтын құжаттарды ұсыну қажет.
8.11.3. Мүшелікті қалпына келтіру туралы шешім Қауымдастық мүшелерінің жалпы жиналысында көпшілік дауыспен қабылданады.
8.11.4. Мүшелігі қалпына келтірілген тұлға барлық мүшелік жарна бойынша қарыздарын өтеуге міндетті.
8.12. Тәртіптік шаралар және шығару
8.12.1. Қауымдастық мүшелері Жарғының, Қауымдастық қағидаларының бұзылуы немесе Қауымдастықтың беделіне нұқсан келтіретін әрекеттері үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.
8.12.2. Тәртіптік шараларға ескерту, Қауымдастыққа мүшелікті уақытша тоқтату және айыппұл салу жатады.
8.12.3. Қауымдастық мүшесін шығару туралы шешім Жарғының ережелерін бірнеше рет немесе өрескел бұзған жағдайда қабылданады. Мұндай шешім жалпы жиналыста көпшілік дауыспен қабылданады.
8.12.4. Қауымдастықтан шығару мүшенің Қауымдастық алдындағы қарыздарын өтеу міндетінен босатпайды.

отдельных ее управляющих органов Ассоциации;
8.9.5. в иных случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.
8.10. Прекращение членства (участия) в Ассоциации. Участники (участники) Ассоциации могут быть исключены по решению управляющих органов Ассоциации в случаях:
8.10.1. повторно (неоднократного) допущения возникновения оснований, указанных в п. 8.9. настоящего устава;
8.10.2. причинения вреда интересам Ассоциации либо отдельным её членам;
8.10.3. по иным основаниям, предусмотренным законодательством Республики Казахстан.
8.11. Восстановление членства
8.11.1. Члены Ассоциации, чье членство было приостановлено или прекращено, могут обратиться с заявлением о восстановлении членства в Ассоциации.
8.11.2. Для восстановления членства необходимо предоставить документы, подтверждающие устранение обстоятельств, послуживших причиной приостановки или прекращения членства.
8.11.3. Решение о восстановлении членства принимается Общим собранием членов Ассоциации большинством голосов.
8.11.4. Лицо, чье членство было восстановлено, обязано погасить все задолженности по членским взносам, если таковые имелись.
8.12. Дисциплинарные меры и исключение
8.12.1. Члены Ассоциации могут быть подвергнуты дисциплинарным мерам за нарушение положений Устава, правил Ассоциации или действий, наносящих ущерб репутации Ассоциации.
8.12.2. Дисциплинарные меры включают предупреждение, временное отстранение от участия в Ассоциации и штраф.
8.12.3. Решение об исключении члена Ассоциации может быть принято в случае повторного или грубого нарушения положений Устава. Решение об исключении принимается Общим собранием большинством голосов.
8.12.4. Исключение из Ассоциации не освобождает члена от обязанности погашения задолженностей перед Ассоциацией.

## 9. Қауымдастықтың ұйымдастырушылық құрылымы

9.1. Қауымдастықтың басқару органдары мыналар:
**Жоғарғы орган** – Қауымдастық мүшелерінің Жалпы жиналысы;
**Атқарушы орган** (жеке-дара) – Атқарушы директор;
**Бақылаушы орган** (жеке-дара) – Ревизор.

## 10. Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысы

10.1. Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысы Қауымдастықтың жоғарғы басқару органы болып табылады. Құрылтай жиналысы Қауымдастықты құру кезеңінде ғана өткізіледі. Барлық кейінгі шешімдерді Жарғыға сәйкес мүшелердің Жалпы жиналысы қабылдайды.
10.2. Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысының құзыретіне келесі мәселелер жатады:
• Қауымдастық қызметінің басым (негізгі) бағыттарын айқындау;
• Қауымдастықтың Жарғысын қабылдау, оған өзгерістер енгізу немесе жаңа редакцияда бекіту;
• Басқару органдарының құзыретін, құрылымын, оларды қалыптастыру және өкілеттіктерін тоқтату тәртібін белгілеу;
• Атқарушы органдардың қаржылық есептілікті ұсыну тәртібі мен кезеңділігін Қауымдастықтың ішкі құжаттарына сәйкес айқындау;
• Бақылаушы орган жүргізетін тексерудің тәртібін белгілеу және оның нәтижелерін бекіту Қауымдастықтың ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады;
• Атқарушы органның басшысын сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
• Бақылаушы органның басшысын сайлау және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
• Атқарушы органның басшысымен еңбек шартын жасасуға уәкілетті тұлғаны айқындау, сондай-ақ оның сыйақы мөлшерін белгілеу;
• Жылдық есептер мен қаржылық есептілікті бекіту, оларды бекіту және ұсыну тәртібін Қауымдастықтың ішкі құжаттарына сәйкес айқындау.

## 9. Организационная структура Ассоциации

9.1. Органами управления Ассоциации являются:
**Высший орган** — Общее собрание членов Ассоциации;
**Исполнительный орган** (единоличный) — Исполнительный директор;
**Орган контроля** (единоличный) — Ревизор.

## 10. Общее собрание членов (участников) Ассоциации

10.1. Общее собрание членов (участников) Ассоциации является высшим органом управления Ассоциации. Учредительное собрание проводится только на этапе создания Ассоциации. Все последующие решения принимает Общее собрание членов в соответствии с Уставом.

10.2. К компетенции общего собрания членов (участников) Ассоциации относятся следующие вопросы:
• Определение приоритетных (основных) направлений деятельности Ассоциации;
• Принятие Устава Ассоциации, его изменение либо утверждение в новой редакции;
• Определение компетенции, структуры, порядка формирования и прекращения полномочий органов управления;
• Определение порядка и периодичности представления финансовой отчетности исполнительными органами в соответствии с внутренними документами Ассоциации;
• Определение порядка проведения проверки контрольным органом и утверждения ее результатов в соответствии с внутренними документами Ассоциации;
• Избрание и досрочное прекращение полномочий руководителя Исполнительного органа;
• Избрание и досрочное прекращение полномочий руководителя Органа контроля;
• Определение лица, уполномоченного заключить трудовой договор с руководителем Исполнительного органа, определения размера вознаграждения руководителя Исполнительного органа;
• Утверждение годовых отчетов и финансовой отчетности, определение порядка их утверждения и представления в соответствии с внутренними документами Ассоциации;
• Принятие решений по созданию Ассоциацией других юридических лиц либо

• Қауымдастықтың басқа заңды тұлғаларды құру немесе олардың қызметіне қатысу туралы шешім қабылдау;
• Қауымдастықтың филиалдары мен өкілдіктерін құру туралы шешім қабылдау;
• Қауымдастықты қайта ұйымдастыру немесе тарату, тарату комиссиясын (немесе таратушыны) тағайындау және тарату балансының (аралық және соңғы) бекітілуі туралы шешім қабылдау;
• Қауымдастықты тарату процесінде кредиторлармен есеп айырысудан кейін қалған мүліктің тағдырын айқындау;
• Мүшелік жарналар туралы Ережені қабылдау, оған өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу;
• Қауымдастыққа жаңа мүшелерді қабылдау және мүшелерді Қауымдастықтан шығару туралы шешім қабылдау;
• Заңнамаға сәйкес Жалпы жиналыстың айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдау.
10.3. Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді.
10.4. Қауымдастық жыл сайын мүшелерінің (қатысушыларының) жылдық Жалпы жиналысын өткізуге міндетті. Басқа жиналыстар кезектен тыс болып саналады.
10.5. Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) жылдық Жалпы жиналысында бекітіледі:
1) жылдық қаржылық есептілік;
2) Қауымдастықтың Атқарушы органының Қауымдастық мүшелері (қатысушылары) алдындағы есебі. Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысының күн тәртібіне қойылған мәселелер бойынша шешім дауыс беру арқылы қабылданады. Қауымдастық мүшесі (қатысушысы) өз дауыс беру құқығын басқа тұлғаға, оның ішінде басқа Қауымдастық мүшесіне (қатысушысына) беруге құқылы емес. Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысы жүзбе-жүз (оның ішінде бейнеконференция арқылы), аралас немесе сырттай өткізілуі мүмкін.
Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) дауыс беруі балдық жүйе арқылы жүзеге асырылады. Балдар саны «қолдаймын» және «қарсы» тең болған жағдайда, шешуші дауыс Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысының төрағасына тиесілі.

участию в деятельности других юридических лиц;
• Принятие решений о создании филиалов и об открытии представительства Ассоциации;
• Принятие решений о реорганизации или ликвидации Ассоциации, о назначении ликвидационной комиссии (либо ликвидатора) и об утверждении ликвидационного баланса (промежуточного и окончательного);
• Принятие решения о судьбе имущества Ассоциации, оставшегося после расчетов с кредиторами в процессе ликвидации Ассоциации;
• Принятие Положения о членских взносах, внесение изменений и (или) дополнений в указанное Положение;
• Принятие решений о включении в состав членов Ассоциации новых членов, а также об исключении членов из Ассоциации;
• Принятие решений по иным вопросам, относящимся к исключительной компетенции Общего собрания в соответствии с законодательством.
10.3. Общие собрания членов (участников) Ассоциации подразделяются на годовые и внеочередные.
10.4. Ассоциация обязана ежегодно проводить годовое общее собрание членов Ассоциации. Иные общие собрания членов (участников) Ассоциации являются внеочередными.
10.5. На ежегодном общем собрании членов (участников) Ассоциации утверждаются:
1) годовая финансовая отчетность;
2) отчет исполнительного органа перед членами (участниками) Ассоциации.
Решение по вопросам, поставленным перед общим собранием членов (участников) Ассоциации, принимается голосованием. Передача права голоса членом Ассоциации иному лицу, в том числе другому члену (участнику) Ассоциации, не допускается.
Общее собрание членов Ассоциации могут быть проведены в очной форме (в том числе посредством видеоконференцсвязи), смешанной либо в заочной форме.
Голосование членов Ассоциации проводятся с использованием бальной системы путем подсчета баллов. При равенстве баллов «за» и «против» решающим является голос председателя общего собрания членов (участников) Ассоциации.
10.6. Годовое общее собрание членов (участников) Ассоциации созывается исполнительным органом.

10.6. Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) жылдық Жалпы жиналысын Қауымдастықтың Атқарушы органы шақырады.

10.7. Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) кезектен тыс Жалпы жиналысы келесі бастамалар бойынша шақырылады:

1) Қауымдастықтың Атқарушы органының бастамасы бойынша;

2) Қауымдастықтың Ревизорының бастамасы бойынша;

3) Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) бір екінші бөлігінің бастамасы бойынша.

10.8. Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысын дайындау және өткізу келесі органдардың құзыретіне жатады:

1) Қауымдастықтың Атқарушы органы;

2) Қауымдастықтың Ликвидациялық комиссиясы.

Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысын шақыру, дайындау және өткізу бойынша шығындарды Қауымдастық көтереді.

10.9. Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысы аяқталғаннан кейін жиналыс хаттамасы жасалып, оны Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысының төрағасы және хатшысы қол қою арқылы бекітеді.

10.10. Қауымдастық мүшелері (қатысушылары) Жалпы жиналыстың (жылдық, кезектен тыс) өткізілуі туралы дауыс беру әдісіне (жүзбе-жүз, аралас, сырттай) қарамастан, кемінде бір жұмыс күні бұрын хабарлануы тиіс. Хабарлама Қауымдастық мүшелеріне (қатысушыларына) электрондық пошта немесе басқа да тәсілдер арқылы жіберіледі. Хабарламаға сырттай дауыс беру бюллетені қоса берілуі мүмкін. Жиналысқа қатыса алмайтын Қауымдастық мүшелері (қатысушылары) жиналыс күн тәртібі бойынша сырттай дауыс беруге және бюллетеньнің сканерленген көшірмесін электрондық пошта арқылы жіберуге, кейіннен түпнұсқасын тапсыруға құқылы.

10.11. Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысының күн тәртібі жиналысты шақырған органмен анықталады және онда қарауға ұсынылған нақты сұрақтардың толық тізімі болуы тиіс.

10.12. Қауымдастық мүшелерінің (қатысушыларының) Жалпы жиналысы күн

10.7. Внеочередное общее собрание членов (участников) Ассоциации созывается по инициативе:

1) Исполнительного органа;

2) Ревизора

3) Одной второй части членов (участников) Ассоциации.

10.8. Подготовка и проведение общего собрания членов (участников) Ассоциации осуществляются:

1) Исполнительным органом;

2) Ликвидационной комиссией Ассоциации.

